**Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы**

*Мұрағаттық версия*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 2 наурызда № 13364 болып тіркелді

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 -бабының 21-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С. Нюсупов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына» жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күн ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Білім және ғылым министрі* *А. Сәрінжіпов*

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
2016 жылғы 2 ақпандағы
№ 124 бұйрығымен бекітілген

**Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары**

1. Осы білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 21-2) тармағына сәйкес білім беру ұйымдарын мемлекеттік бақылауды және өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру кезінде пайдалану мақсатында әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) білім беру ұйымдарын бағалау – бұл бағалау процесінің нәтижелері (білім беру ұйымы қызметі деңгейінің сандық және сапалық көрінісі);

2) білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары – білім беру ұйымын бағалауды анықтау үшін қолданылатын, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық немесе нормативтік актілермен бекітілген талаптардың жиынтығы;

3) дескрипторлар – өлшемшарттарға қойылатын талаптардың сипаттамасы;

4) салмақтық коэффициент – білім беру ұйымы қызметі бағытын бағалаудың өзге де өлшемшарттарымен салыстырғандағы өлшемшарттың мәнділігін анықтайтын көрсеткіш.

3. Білім беру ұйымын бағалау нақты бағыттар бойынша оның қызметіне талдау жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Бағыттарды бағалау кезінде 0,5-тен 2,5-ке дейінгі салмақтық коэффицентіне ие болатын өлшемшарттар пайдаланылады.

4. Әрбір өлшемшарттарға «uzdik», «zhaqsy», «ortasha», «nashar» бағаларының біреуіне тиесілі болатын дескрипторлар әзірленген.

Бағаға тиесілі балл:
«uzdik» – 4;
«zhaqsy» – 3;
«ortasha» – 2;
«nashar» – 1.

5. Білім беру ұйымын бағалау мен нақты бағыттар бойынша баға тиісінше төмендегі формулалар арқылы есептеп шығарылады:

$$Q = \frac{N}{M} \times 100\,\%, \qquad Q_i = \frac{N_i}{M_i} \times 100\,\%,$$

мұндағы N – бағалар қосындысы және M – білім беру ұйымын бағалаулардың максималды қосындысы тиісінше мынадай формулалар арқылы есептеп шығарылады:

$$N = \sum_{i=1}^{6} N_i, \qquad M = \sum_{i=1}^{6} M_i;$$

мұндағы $N_i$ – бағалар қосындысы және $M_i$ – і-шы бағыт бағаларының максималды қосындысы тиісінше мынадай формулалар арқылы есептеп шығарылады:

$$N_i = \sum_j k_{ij} \times P_{ij}, \qquad M_i = 4 \times \sum_j k_{ij};$$

мұнда P – і-шы бағыт бойынша j-шы өлшемнің бағасы, $P_{ij}$= 1,... 4;

$k_{ij}$ – салмақтық коэффициент, $k_{ij}$= 0,5, …..2,5;

і – бағыттың реттік саны, і=1,…6;

j – өлшемнің реттік саны, j=1, …10.

6. Бағаның пайыздық ара қатынасы төмендегідей анықталады:

«uzdik» – 87-100 %;

«zhaqsy» – 62-86 %;

«ortasha» – 37-61 %;

«nashar» – менее 36 %.

7. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын бағалау осы Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 1-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

8. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын бағалау осы Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 2-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

9. Білім беру ұйымдарын бағалауды Комиссия өткізеді және бекітеді.

10. Комиссия құрамы, оның төрағасын қоса алғанда 3 адамнан кем болмауы тиіс. Білім беру ұйымының бірінші басшысы комиссия төрағасы болып табылады.

11. Дауыс беру қорытындылары Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен анықталады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

12. Бағыттар мен өлшемшарттар бойынша білім беру ұйымын бағалау нәтижелері Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 3-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

13. Қорытынды Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 4-қосымшаға сәйкес әрбір бағыт және негізінен білім беру ұйымы бойынша жеке-жеке бағалау парағы түрінде ресімделеді.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына
1-қосымша

## Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламарын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауға арналған өлшемшарттар мен дескрипторлар

| Р/с № | Бағыттар мен өлшемшарттар | Баға | Дескрипторлар |
|---|---|---|---|
| 1 | Басшылық және басқару сапасы | | |
| 1.1 | Іс-әрекетті талдау және өзіндік бағалау ( салмақтық коэффициент = 1) | uzdik | Іс-әрекеттің мазмұнын талдау – жүйелі мониторинг көрсеткішт қолдану арқылы мектепке дейінгі білім беру ұйымының қызме барлық бағыттарының баға сипаттамасына негізделеді және жалпы қорытындыны қамтиды. Мектепке дейінгі білім беру ұйымын да бойынша қорытынды талдаудың объективті нәтижелеріне сүйенеді дамыту бағдарламасының негізі болып табылады, онда ұжымның м пен міндет қоюдан нәтижеге дейінгі іс-әрекеті қадағаланады. Өзіндік мектепке дейінгі білім беру ұйымының істері нақты жағдайымен үйл және критерийлер мен дескрипторларға негізделеді. |
| | | zhaqsy | Іс-әрекеттің мазмұнын талдау – жүйелі мониторинг көрсеткішт қолдану арқылы мектепке дейінгі білім беру ұйымының қызме барлық бағыттарының баға сипаттамасына негізделеді. Қорыт барлық бағыттар бойынша жалпылама сипатта емес және та нәтижелерімен арасында болмашы айырмашылығы бар, дегенмен дамудың негізгі бағдарламасы болып табылады, онда ұжымның м пен міндет қоюдан нәтижеге дейінгі іс-әрекеті қадағаланады. Өзіндік мектепке дейінгі білім беру ұйымының істері нақты жағдайымен үйл және критерийлер мен дескрипторларға негізделеді. |
| | | ortasha | Талдаудың туындау себептерін анықтамастан фактілер мен оқиғал констатациялау бетбұрысы бар. Мектепке дейінгі білім ұйымы қызметінің барлық бағыттарына мониторинг жүргізу жүйесі Қорытынды талдау нәтижелерімен сәйкеспейді. Өзіндік бағалау мек дейінгі білім ұйымындағы істердің нақты жағдайымен үйлеспейді критерийлер мен дескрипторлар бойынша талдауға сүйенбейді. |
| | | nashar | Талдаудың туындау себептерін анықтамастан фактілер мен оқиғал констатациялау бетбұрысы бар. Мектепке дейінгі білім ұйымы қызметінің барлық бағыттарына мониторинг жүргізу жүйесі Қорытынды талдау нәтижелерімен толығымен сәйкеспейді. Өзі бағалау жоғарылатылған және мектепке дейінгі білім ұйымын істердің нақты жағдайын көрсетпейді. Өзіндік бағалау барысы критерийлер мен дескрипторлар бойынша талдау жүргізілмейді. |
| 1.2 | Стратегиялық даму мен ағымды қызметті жоспарлау (салмақтық коэффициент = 0,5) | uzdik | Даму стратегиясы сапа саясатын жүзеге асыруға бағытталған, қойы мақсаттар мен міндеттердің шынайылығын қамтамасыз етуге мүмк беретін теориялық негіздемесі мен ресурстар талдауы бар. Ағы іс-әрекетті жоспарлау мектепке дейінгі білім беру ұйымын стратеги дамыту міндеттерінің аясында жүргізіледі және индикаті көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған. Жоспарланған міндеттер іс-әрекет талдауының өзара байланысы, іс-шаралардың оларды ше бағытталуы анықталады. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | zhaqsy | Даму стратегиясы сапа саясатын жүзеге асыруға бағытталған, қойы мақсаттар мен міндеттердің шынайылығын қамтамасыз етуге мүмк беретін теориялық негіздемесі мен ресурстар талдауы бар. Ағы іс-әрекетті жоспарлау мектепке дейінгі білім беру ұйымын стратеги дамыту міндеттеріне толық сәйкес жүзеге асырылады. Жоспарла міндеттер мен іс-әрекет талдауының өзара байланысы анықтал Жоспарланған іс-шаралар қойылған міндеттерді шешуге бағытталға |
| | | ortasha | Даму стратегиясының жеткіліксіз қарастырылған теориялық негізд бар, қойылған мақсат пен міндетке қол жеткізудің шынайылығына к туғызатын қолда бар қордың барлық кешені есепке алынбай белгіле Ағымды іс-әрекетті жоспарлау кезінде мектепке дейінгі білім ұйымының стратегиялық даму міндеттері есепке алынбайды. Мін қою – іс-әрекетті талдаудан туындайтын проблемалар есепке алынба асырылады. |
| | | nashar | Даму стратегиясының қарастырылған теориялық негіздемесі қойылған мақсат пен міндетке қол жеткізудің шынайылығына к туғызатын қолда бар қордың барлық кешені есепке алынбай құры Ағымды іс-әрекетті жоспарлау – немқұрайды іске асырылады, мект дейінгі білім беру ұйымының іс-әрекетін талдаудан туынд проблемалар есепке алынбайды. |
| 1.3 | Функционалдық міндеттерді бөлу ( салмақтық коэффициенті = 0,5) | uzdik | Функционалдық міндеттер қызметкерлердің кәсіби және ж мінездемелері есепке алынып, мектепке дейінгі барлық іс-әрекеттер қамтылып объективті бөлінеді. Әкімшіліктің жөнге келтірілген жүйелі іс-әрекеті байқалады, іс-әрекет бағыты бойынша ақпаратты т меңгерген. Ұжымның әрбір мүшесі өзінің функционалдық мін жоғары деңгейде орындайды. Кадрлық резервті қалыптастыру бойы жұмыс жүргізіледі. |
| | | zhaqsy | Функционалдық міндеттер қызметкерлердің кәсіби және ж мінездемелері есепке алынып, мектепке дейінгі барлық іс-әрекеттер қамтылып объективті бөлінеді. Әкімшіліктің жөнге келтірілген жүйелі іс-әрекеті байқалады, іс-әрекет бағыты бойынша ақпаратты т меңгерген. Ұжымның әрбір мүшесі өзінің функционалдық мін орындайды. Кадрлық резервті қалыптастыру бойынша жұмыс ауық- жүргізіледі. |
| | | ortasha | Функционалдық міндеттер қызметкерлердің жеке мінездемелері е алынып, мектепке дейінгі іс-әрекеттің барлық бағыттары мен аспек толық қамтылмай бөлінеді. Өз іс-әрекетінің бағыты бойынша ақпа жеткіліксіз меңгергені байқалады. Ұжымның әрбір мүшесі ө функционалдық міндетін біледі, бірақ толық көлемде орындама Кадрлық резервті қалыптастыру бойынша жұмыс немқұрайды жүргі |
| | | nashar | Функционалдық міндеттер қызметкерлердің кәсіби, жеке мінездем есепке алынбай бөлінеді; мектепке дейінгі білім беру ұйымы іс-әрек толық қамтылмаған. Ұжымның әрбір мүшесі өзінің функциона міндетін біледі, бірақ ауық-ауық орындайды. Кадрлық ре қалыптастырылмаған. |
| 1.4 | Кәсіби даму және педагогтарды уәждемелеу (салмақтық коэффициенті = 0,5) | uzdik | Кәсіби дамудың балабақшаішілік жүйесі педагогтардың кә құзыреттілігінің деңгейін арттыруға бағытталған. Әдістемелік жұмы мазмұны мен түрі қолда бар әлеуетті мақсатты қолдануды педагогтардың зерттеу мәдениетін белсенді қалыптастыруды қамта етеді. Білім ұйымы әдістемелік жаңашылдықты енгізу бойы қатысушы болып табылады.Халықаралық әріптестік ұйымдастыры Педагогтарды өзіндік жетілдіру үшін өзіндік дамуға ж |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ақпараттық-білім ресурстарына қол жеткізу үшін жағдай жасал Ментор мектебі нәтижелі қызмет етеді. Педагогтарды ынталандыр механизмі әзірленген. |
| | | zhaqsy | Кәсіби дамудың балабақшаішілік жүйесі педагогтардың кә құзыреттілігінің деңгейін арттыруға бағытталған. Әдістемелік жұмы мазмұны мен түрі қолда бар әлеуетті қолдануды және педагогта зерттеу мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Білім ұй әдістемелік жаңашылдықты енгізу бойынша қатысушы болып табы. Педагогтарды өзіндік жетілдіру үшін өзіндік дамуға ж ақпараттық-білім ресурстарына қол жеткізу үшін жағдай жасал Педагогтардың өңірлік және республикалық деңгейдегі конкурст және жобаларға қатысуы. Ментор мектебі нәтижелі қызмет етеді. Е нәтижелеріне байланысты ынталандыру жүйесі әзірленген. |
| | | ortasha | Кәсіби дамудың балабақшаішілік жүйесі классикалық әдістеме бой ұйымдастырылған, бұл – педагогтың кәсіби құзыреттілігін артты ықпал етпейді. Әдістемелік жұмыстың мазмұны мен түрі дәстүрлі педагогтардың кәсіби дамуы бойынша барлық міндеттер кешенін кө алмайды. Педагогтарды өзіндік жетілдіру үшін өзіндік дамуларына ақпараттық-білім ресурстарына қол жеткізу үшін жағдай жасалм Ментор мектебі немқұрайды қызмет етеді. Педагогтарды ынталан ауық-ауық жүргізіледі. |
| | | nashar | Кәсіби дамудың балабақшаішілік жүйесі жоқ. Әдістемелік жұмы мазмұны мен түрі дәстүрлі және педагогтардың кәсіби дамуы бой барлық міндеттер кешенін көрсете алмайды. Педагогтарды өзі жетілдіру үшін өзіндік дамуларына және ақпараттық-білім ресурста қол жеткізу үшін жағдай жасалмаған. Ментор мектебі немқұрайды қ етеді. Педагогтарды ынталандыру ауық-ауық жүргізіледі. |
| 1.5 | Тәрбиенің және білім беру іс-әрекетінің барлық аспектілерінің сапасының мониторингісі және бағалануы (салмақтық коэффициент = 1) | uzdik | Жүйелі мониторинг білім беру-тәрбие үдерісінің барлық аспекті қамтиды, оның өнімділігінің көрсеткіштерінің негізінде жү асырылады. Тиісті басқарушылық шешімдер объективті бағаланады қабылданады. Алынған нәтижелер негізінде білім беру-тәрби үдерісіне түзетулер бойынша жүйелі жұмыс ұйымдастырыла Педагогтар мен тәрбиеленушілердің іс-әрекетін бағалаудың әзірле және тиімді әрекет ететін рейтингтік жүйесі бар. |
| | | zhaqsy | Мерзімді мониторинг білім беру-тәрбие үдерісінің барлық аспекті қамтиды, оның өнімділігінің көрсеткіштерінің негізінде жү асырылады. Тиісті басқарушылық шешімдердің бағалануы қабылдануының объективтілігі қамтамасыз етіледі. Алынған нәтиж негізінде білім беру-тәрбиелеу үдерісін түзету бойынша белгілі бір ж ұйымдастырылады. Педагогтар мен тәрбиеленушілердің іс-әрек бағалаудың әзірленген және тиімді әрекет ететін рейтингтік жүйесі б |
| | | ortasha | Мониторинг жүйесіз іске асырылады, білім беру-тәрбие үдері жекеленген аспектілерін қамтиды. Бағалаудың объективтілігі қамтам етілмейді және тиісті басқарушылық шешімдер қабылданбай Педагогтар мен тәрбиеленушілердің іс-әрекеті мен жетістікт бағалаудың механизмдері жоқ. |
| | | nashar | Білім беру-тәрбиелеу үдерісінің мониторингі жоқ. Бағалау объективтілігі қамтамасыз етілмейді және басқарушылық шешімдер Педагогтар мен тәрбиеленушілердің іс-әрекеті мен жетістікт бағалаудың механизмдері жоқ. |
| | | | Басқарудың демократтық стилі байқалады. Әкімшілік ағымды іс орындау барысында ұжымның пікірін назарға алады. Еңбе |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1.6 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы моральдік-психологиялық ахуал (салмақтық коэффициенті = 0,5) | uzdik | ұйымдастырылуының жоғары деңгейі байқалады. Жұмыс үшін ж жағдай жасалған. Ұжым қалауы есепке алына отырып, ұйым іс-әреке циклограммасы әзірленген. Іскерлік ахуал басым, басшылықтың ұжы өзара әріптестігінің жоғары деңгейі байқалады, бұл – қызметкерл жүргізілген сауалнама нәтижелерімен расталған. Өндірістік шиелен жоқ. |
| | | zhaqsy | Басқарудың демократтық стилі үстем. Әкімшілік ағымды істерді оры барысында ұжымның пікіріне құлақ асады. Еңбект ұйымдастырылуының жоғары деңгейі байқалады. Жұмыс үшін ж жағдай жасалған. Ұжым қалауы есепке алына отырып, ұйым іс-әреке циклограммасы әзірленген. Іскерлік ахуал басым, басшылықтың ұжы өзара әріптестігінің жеткілікті жоғары деңгейі байқалады, бұ қызметкерлерге жүргізілген сауалнама нәтижелерімен растал Өндірістік шиеленістер уақтылы шешіледі. |
| | | ortasha | Басқарудың авторитарлық стилі басым. Әкімшілік ағымды іст орындау барысында ұжымның пікірін есепке алмайды. Жұмыс жеткілікті жайлы жағдай жасалмаған. Ұйым іс-әрекетінің циклограм ұжым қалауын есепке алмайды. Ұжымның психологиялық аху тұрақсыз. Ұжымда жүзеге асырылатын іс-әрекеттің жекелен аспектілері бойынша келіспеушіліктер бар. Өндірістік шиелені уақтылы шешіледі. |
| | | nashar | Басқарудың авторитарлық стилі. Әкімшілік ағымды істерді оры барысында ұжымның пікірін назарға алмайды. Жұмыс үшін жетк жайлы жағдай жасалмаған. Ұйым іс-әрекетінің циклограммасы ұ қалауын есепке алмайды. Ұжымның психологиялық ахуалы бары тұрақсыз. Ұжымда жүзеге асырылатын іс-әрекеттің жекелен аспектілері бойынша маңызды келіспеушіліктер бар. Әкімшілік к кезде өндірістік шиеленістерді өз бетімен шешуге қабілетсіз. |
| 1.7 | Заңнаманың ережелері мен нормативтік талаптарын сақтау ( салмақтық коэффициенті =1,5) | uzdik | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әкімшілігі мен ұжымы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің ережелері мен талапт сақтайды. Оқу жұмыс жоспары және оқу жұмыс бағдарламалары біл мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес. Бұйрықтар мен ішкі актілер бекітілген талаптарға сәйкес ресімделген. Мектепке де білім беру ұйымының іс-әрекеті білім саласы бойынша қолданыс заңнамаға толығымен сәйкестенеді. |
| | | zhaqsy | Мектепке дейінгі білім беру ұймының әкімшілігі мен ұжымы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің ережелері мен талапт сақтайды. Оқу жұмыс жоспары және оқу жұмыс жоспарлары біл мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес. Бұйрықтар мен ішкі актілер бекітілген талаптарға сәйкес ресімделген. Мектепке де білім беру ұйымының іс-әрекеті білім саласы бойынша қолданыс заңнамаға толығымен сәйкестенеді. |
| | | ortasha | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әкімшілігі мен ұжымы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді біледі, бірақ ережелер талаптарды үнемі басшылыққа алмайды. Оқу жұмыс жоспары жән жұмыс бағдарламалары білімнің мемлекеттік жалпыға мінд стандартына сәйкес. Бұйрықтар мен басқа ішкі актілерді құру барыс белгіленген талаптарда кемшіліктер жіберілген, бұл үдеріске нәтижеге болмашы әсер етеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы қызметі білім саласы бойынша қолданыстағы заңнамаға толығ сәйкестенбейді. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | nashar | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әкімшілігі мен ұжымы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді біледі, бірақ ережелер талаптарды үнемі басшылыққа алмайды. Оқу жұмыс жоспары жән жұмыс бағдарламалары білімнің мемлекеттік жалпыға мінд стандартына сәйкес емес. Бұйрықтар мен басқа ішкі актілерді барысында белгіленген талаптарда дөрекі қателіктер жіберілген, үдеріске және нәтижеге ықпал етеді. Мектепке дейінгі білім ұйымының қызметі білім саласы бойынша қолданыстағы заңнам бұзылып жүргізіледі. |
| 1.8 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының ағымды қызметін ұйымдастыру ( салмақтық коэффициенті = 0,5) | uzdik | Ағымды қызметті ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың функциона өкілеттіліктері айқын бөлінген. Ағымды қызметті ұйымдастыр регламенттейтін ішкі жергілікті актілерді ұтымды жоспарлау (қызм барлық бағыттары бойынша жұмыс жоспарлары, ережелер, нұсқа ішкі тәртіп ережелері, циклограммалар және т.б.). Жоспардың орынд және қойылған міндеттерге қол жеткізілуі байқалады. Іс-әр жоспарларының уақтылы және сапалы орындалуына бақы ұйымдастырылады. Жоспарланған іс-әрекетке шұғыл түрде жағд байланысты түзетулер енгізіледі. |
| | | zhaqsy | Ағымды қызметті ұйымдастыруға және ағымды қызметті ұйымдасты регламенттейтін ішкі жергілікті актілерді жоспарлауға жауа тұлғалардың функционалдық өкілеттіліктерінің бөлінуінің бол қызметтің барлық бағыттары бойынша жұмыс жоспарлары, ереж нұсқаулар, ішкі тәртіп ережелері, циклограммалар және т Жоспарлардыңдың орындалуына уақтылы және сапалы орындал бақылау ұйымдастырылады. Жағдайға байланысты жоспарла іс-әрекетке шұғыл түрде түзетулер енгізіледі. |
| | | ortasha | Ағымды қызметті ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың функциона өкілеттіліктерінің бөлінуі айқын емес. Ағымды қызметті ұйымдасты регламенттейтін жоспарлаушы құжаттамада нақтылық жоқ (қызм барлық бағыттары бойынша жұмыс жоспарлары, нұсқаулар, ішкі т ережелері, циклограммалар және т.б.). Жоспарланған іс-шаралар орындалу мерзімдерінің негізделмеген бұзылыстары байқала Іс-әрекеттің уақтылы және сапалы орындалуына бақылаудың ұйымдастырылуы байқалады. Қажетті түзетулер енгізу бойы басқарушылық шеешімдер жоқ. |
| | | nashar | Ағымды қызметті ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың функциона өкілеттіліктерінің бөлінуі айқын емес. Ағымды қызметті ұйымдасты регламенттейтін жоспарлаушы құжаттамада нақтылық жоқ (қызм барлық бағыттары бойынша жұмыс жоспарлары, нұсқаулар, ішкі т ережелері, циклограммалар және т.б.). Іс-әрекеттің уақтылы және са орындалуына бақылау жасалмайды. Қажетті түзетулер енгізу бойы басқарушылық шеешімдер жоқ. |
| 1.9 | Ресурстарды пайдалану ( салмақтық коэффициенті = 0,5) | uzdik | Тәрбие мен білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін қолда ресурстарды тиімді пайдалану. Ресурстарды тиімді пайдалануға ж бақылау жүзеге асырылады. Қолда бар ресурстарды сақтау және жаңарту бойынша іс-әрекет даму бағдарламасына сәйкес жоспарлы жүзеге асырылады. |
| | | zhaqsy | Тәрбие мен білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін қолда ресурстарды пайдалану. Ресурстарды тиімді пайдалануға ауық- бақылау жүзеге асырылады. Қолда бар ресурстарды сақтау және жаңарту бойынша іс-әрекет даму бағдарламасы есепке алынбай жос түрде жүзеге асырылады. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ortasha | Қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануды бақылау немқұрайды си және білім сапасын арттыру мақсатын есепке алмайды. Қолда ресурстарды сақтау және оны жаңарту бойынша іс-әрекет жү орындалады. |
| | | nashar | Қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануды бақылау немқұрайды си және білім сапасын арттыру мақсатын есепке алмайды. Қолда ресурстарды сақтау бойынша жұмыс ұйымдастырылады. Ал ресурстарды жүзеге асыру мектепке дейінгі білім ұйымын дам стратегиясында көрінбейді. |
| 2. | Тәрбиелеу мен оқытудың сапасы | | |
| 2.1 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен жалпы білім беретін оқу бағдарламалары туралы нақты білмдері( салмақтық коэффициент = 0,5). | uzdik | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға мін стандарты мен жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының туралы білім мазмұнын меңгерген. Барлық білім беру салалары бойынша бағдар жасай алады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының беру нәтижелерін ескере отырып, қойылатын талаптарды біледі, е педагогикалық қызметінде негіз ретінде қолданады. |
| | | zhaqsy | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға мін стандарты мен жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының туралы мазмұнын меңгерген. Барлық бағыттағы салалардың білім беру маз бойынша бағытты жақсы біледі. Мектепке дейінгі білім беру ұйым білім беру нәтижелерінің ерекшеліктеріне қойылатын талаптарды бі |
| | | ortasha | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға мін стандарты мен жалпы білім беретін оқу бағдарламалары туралы мазмұнын меңгерген. Барлық салалардың білім беру мазмұны бой білу бағыты жеткіліксіз. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының беру нәтижелерінің ерекшеліктеріне қойылатын талаптарды білмейд |
| | | nashar | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға мін стандарты мен жалпы білім беретін оқу бағдарламалары туралы мазмұнын нашар меңгерген. Барлық салалардың білім беру мазм бойынша бағыты жоқ. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының білім нәтижелерінің ерекшеліктеріне қойылатын талаптарды білмейді. |
| 2.2 | Сабақты жүргізу әдістемесін игеру ( салмақтық коэффициент = 0,5). | uzdik | Мектепке дейінгі педагогика саласында терең ғылыми білімді иге Берілген сала бойынша оқиғалардан, деректерден және жаңалықта хабардар. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы тәрбиеленушілерінің мен іс-әрекетінің негізгі принциптерін ұйымдастыра біледі. Мект дейінгі оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері толық меңгерген. Мект дейінгі жастағы тәрбиеленушілердің құзыреттілігін қалыптасты инновациялық технологияны тиімді пайдаланады. Әр тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере оты сараланған тәсілді сауатты жүзеге асырады. Ынтымақтастықтың түр кеңінен пайдаланады (жұптық, үштік, топтық жұмыс т. Тәрбиеленушілердің ойлау қызметін арттыру үшін сабақтың мақса қарай икемділік танытып, проблемалық ахуал туғызады. Пәнар байланысты ұйымдастыруда өзінің білімін пайдаланады. |
| | | | Мектепке дейінгі педагогика саласында терең ғылыми білімді иге Мектепке дейінгі білім беру ұйымы тәрбиеленушілерінің өмірі іс-әрекетінің негізгі принциптерін ұйымдастыра біледі. Мектепке де оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері меңгерген. Мектепке дейінгі жас тәрбиеленушілердің құзыреттілігін қалыптастыруда инновация |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | zhaqsy | технологияны пайдаланады. Репродуктивті әдісті оқытуды қолдан Әрбір тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен қабілеттерін е отырып, сараланған тәсілді жүзеге асырады. Ынтымақтастықтың тү қоладнады (жұптық, үштік, топтық жұмыс т.б.). Тәрбиеленушіл ойлау қызметін арттыру үшін проблемалық ахуал туғызады. Пәна байланысты ұйымдастыруда өзінің білімін пайдаланады. |
| | | ortasha | Мектепке дейінгі педагогика саласында білімді жеткіліксіз. Мек дейінгі білім беру ұйымы тәрбиеленушілерінің өмірі мен іс-әреке негізгі принциптерін ұйымдастыруда білім әлсіз. Мектепке де оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері меңгерген. Тәжірибеде дәстүрлі мен тәрбиелеу әдістемесін қолданады. Әрбір тәрбиеленушілердің мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, сараланған тәсілді ж асырмайды. Тәрбиеленушілерге проблемалық ахуал туғызады, ойлау қызметін арттыруға толық пайдаланбайды. |
| | | nashar | Мектепке дейінгі педагогика саласы мен мектепке дейінгі білім ұйымы тәрбиеленушілерінің өмірі мен іс-әрекетінің негізгі принцип ұйымдастыру деңгейі төмен. Мектепке дейінгі оқытудың класси әдістемесін меңгереді. Оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда қиынш туғызады. Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескерме Тәрбиеленушілерге ойлау қызметін арттыруда проблемалық а туғызбайды. |
| 2.3 | Сабақтағы жағымды психологиялық ахуал ( салмақтық коэффициент = 0,5). | uzdik | Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің психофизиология ерекшеліктерін жоғары деңгейде біледі және өз қызметінде пайдала Барлық тілдік қатынасты дамыту негізінде тәрбиеші-тәрбиелен тәрбиеленуші-тәрбиеленуші іс-әрекетін шебер ұйымдастырады. Қол психологиялық ахуал мен шығармашылық жағдай құру тәсілін мең Қарым-қатынастың демократиялық тәсілін қолданады. |
| | | zhaqsy | Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің психофизиология ерекшеліктерін біледі және өз қызметінде пайдаланады. Барлық т қатынасты дамыту негізінде тәрбиеші-тәрбиелену тәрбиеленуші-тәрбиеленуші іс-әрекетін ұйымдастырады. Қола психологиялық ахуал мен шығармашылық жағдай құру тәсілін мең Қарым-қатынастың демократиялық тәсілін қолданады. |
| | | ortasha | Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің психофизиология ерекшеліктерін біледі және өз қызметінде пайдаланбайды. Барлық т қатынасты дамыту негізінде тәрбиеші-тәрбиелену тәрбиеленуші-тәрбиеленуші іс-әрекетін мезгілінде қолдана Шығармашылық жағдай құру тәсілін қолданбайды. Қарым-қатына демократиялық тәсілі басым. |
| | | nashar | Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің психофизиология ерекшеліктерін нашар біледі. Барлық тілдік қатынасты дамыту негі тәрбиеші-тәрбиеленуші, тәрбиеленуші-тәрбиеленуші іс-әреке қолданбайды. Қарым-қатынастың авторитарлық тәсілі бас Психологиялық ахуал туғызбайды. |
| 2.4 | Сабақты жоспарлау сапасы (салмақтық коэффициент = 0,5). | uzdik | Білім беру саласы бойынша құзыреттілікті қалыптастыруға бағытт пәндер кешенді түрде нақты жоспарланады. Оқу-танымдық іс-ә түрін үйлестіруді қамтамасыз етеді. Тәрбиеленушілердің эмоциона сезімдік тәжірибелерін ескере отырып, оқу материалдарының мазм іріктейді. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кезеңдерін ма бойынша айқын тұжырымдайды. Тәрбиеленушілерді қызықты сабаққа нақты мақсат қоя біледі, жоспар құрылмында жүйе сақталады. Әрбір кезеңге уақыт ұтымды жоспарланады. Қажет б |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жағдайда түзету сабақтары өткізе біледі. Кері байланыс ор мақсатында тәрбиеленушілерден әр кезең аяқталған соң рефлексивт іс-әрекетін жоспарлайды. |
| | | zhaqsy | Білім беру саласы бойынша құзыреттілікті қалыптастыруға бағытт пәндер кешенді түрде жоспарланады. Оқу-танымдық іс-әрекет т үйлестіруді қамтамасыз етеді. Тәрбиеленушілердің эмоционал сезімдік тәжірибелерін ескере отырып, оқу материалдарының мазм іріктейді. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кезеңдерін ма бойынша айқын тұжырымдайды. Тәрбиеленушілерді қызықты сабаққа нақты мақсат қоя біледі, жоспар құрылмында жүйе сақталады. Әрбір кезеңді жоспарлауда уақытты ұтымды жоспарлам бірақ қажет болған жағдайда жоспарға түзету енгізіледі. Кері бай орнату мақсатында тәрбиеленушілерден әр кезең аяқталған рефлексивті оқу іс-әрекетін жоспарлайды. |
| | | ortasha | Білім беру саласы бойынша құзыреттілікті қалыптастыруға бағытт пәндерді жоспарлайды. Оқу-танымдық іс-әрекет түрін үйлест қамтамасыз етеді. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық сезі тәжірибелерін ескере отырып, оқу материалдарының мазмұнын ірік Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кезеңдерін мақсаты бой айқын тұжырымдайды бірақ әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әреке мақсатын нақтыланбайды. Тәрбиеленушілерді қызықтыруда саб нақты мақсат жоспарланбайды. Әрбір кезеңді жоспарлауда уақ ұтымды жоспарламайды, қажет болған жағдайда жоспарға т енгізбейді. Тәрбиеленушілерден әр кезең аяқталған соң рефлексивт іс-әрекетін жоспарланады, түзету жұмысын қарастрмайды. |
| | | nashar | Білім беру саласы бойынша құзыреттілікті қалыптастыруға бағытт пәндерді жоспарламайды. Оқу-танымдық іс-әрекет түрін үйлест жалпылама жоспарланады. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық сез тәжірибелерін ескере отырып, оқу материалдарының мазмұнын ір жоспарланбайды. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кезеңде жалпы мақсатын жоспарлауда қиындық тудырады. Әрбір кез жоспарлауда уақытты ұтымды пайдаланбайды, қажет болған жағ жоспарға түзету енгізбейді. Кері байланыс орнату мақсат тәрбиеленушілерден әр кезең аяқталған соң рефлексивті оқу іс-әре жоспарламайды. |
| 2.5 | Кері байланысты ұйымдастыру және оқу-үрдісін басқару ( салмақтық коэффициент = 1) | uzdik | Әрбір тәрбиеленушінің жеке мүмкіндіктерімен қабілетін ескере о оқу-тәрбие үрдісін шығармашылық негізде құрады. Қойылған мақ сәйкес таным үрдісінде тәрбиеленушілердің назарын дұрыс аударта . Сабақ барысында әртүрлі ынталандыру әдіс тәсілдерді пайдалана б Оқу әрекетінің талдау нәтижесінде түзету-дамыту жұмыстарын жүр Кері байланыс арқылы оқу екпінін шебер басқара отыр Тәрбиеленушілердің оқу жетістіктеріне жоғары талапты қоя біледі. |
| | | zhaqsy | Әрбір тәрбиеленушінің жеке мүмкіндіктерімен қабілетін ескере о оқу-тәрбие үрдісін шығармашылық негізде құрады. Қойылған мақ сәйкес таным үрдісінде тәрбиеленушілердің назарын дұрыс аударта . Сабақ барысында әртүрлі ынталандыру әдіс тәсілдерді пайдалана б Оқу әрекетінің талдау нәтижесінде түзету-дамыту жұмыстарын жүр Кері байланыс арқылы оқу екпінін шебер басқара отыр Тәрбиеленушілердің оқу жетістіктеріне талаптың қажетті деңгейі біледі. |
| | | | Әрбір тәрбиеленушінің жеке мүмкіндіктерімен қабілетін ескере от оқу-тәрбие үрдісін шығармашылық негізде құрады. Таным ү |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ortasha | барысында тәрбиеленушілердің назарын дұрыс аударта ала Ынталандырудың жекелеген әдіс тәсілдерін біледі. Оқу әрекетінің т нәтижесінде түзету-дамыту жұмыстарын жүргізеді. Кері байла арқылы оқу үрдісін басқара алмайды. Тәрбиеленушілердің жетістіктеріне күтілетін талапты жеткілікті деңгейдің қояды. |
| | | nashar | Оқу үрдісін шығармашылық негізде құрмайды. Таным үрдісі барыс тәрбиеленушілердің назарын дұрыс аудара алмайды. Ынталандыр әдіс тәсілдерін білмейді. Оқу әрекетінің талдау нәтижесі түзету-дамыту жұмыстарын жүргізбейді. Кері байланыс арқылы үрдісін реттей алмайды. Тәрбиеленушілердің оқу жетістіктеріне күт талапты төмен деңгейде қояды. |
| 2.6 | Білім беру ресурстарын пайдалану (салмақтық коэффициент= 0,5) | uzdik | Сабақ барысында әртүрлі білім ресурстарын мақсатты пайдаланады сол арқылы іс-әрекеттің мазмұнды және ынталандыру бөлікт қамтамасыз етеді. Әртүрлі қиындық деңгейіндегі материалдарды т пайдаланады. |
| | | zhaqsy | Сабақ барысында әртүрлі білім ресурстарын пайдаланады және арқылы іс-әрекеттің мазмұнды және ынталандыру бөліктерін қамтам етеді. Әртүрлі қиындық деңгейіндегі материалдарды пайдаланады. |
| | | ortasha | Әртүрлі білім ресурстарын сабақтың кейбір бөліктерінде пайдаланады және іс-әрекеттің мазмұнды және ынталандыру бөлік толыққанды қамтамасыз етпейді. Әртүрлі қиындық деңгейін материалдарды сирек пайдаланады. |
| | | nashar | Пайдаланылған білім ресурстары әрекеттің мазмұнды және ынталан бөліктерін қамтамасыз ете алмайды. Әртүрлі деңгейдегі материа қолданбайды. |
| 3. | Тәрбиленушілердің өмірлік іс-әрекетін сапалы ұйымдастыруы | | |
| 3.1 | Күн тәртібіндегі оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруы ( салмақтық коэффициент= 0,5) | uzdik | Балалардың қажеттіліктерін, жеке ерекшеліктері мен жас ерекшелік ескере отырып, күн тәртібіндегі оқу-тәрбие үрдісін жоғары әдісте деңгейде ұйымдастырады. Тәулік бойында тәртіп кезеңдерін іс-әрекеттерді ұйымдастыру мен өткізуде жүйелілік пен біріз ұстанымын нәтижелі қолданады. Балалардың өз ойын еркін жеткізуі мінез-құлқында табиғилық пен еркіндікті сақтауда шығармашылық қолайлы жағдайды жасайды. Педагогтың балалармен қар қатынасында еркін (демократиялық) стильді қолданады. |
| | | zhaqsy | Оқу-тәрбие үрдісін оңтайлы әдістемелік деңгейде ұйымдастырады тәртібін сақтау, тәртіп кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу, балала қажеттіліктерін, жеке ерекшеліктері мен жас ерекшеліктерін ес отырып, ұйымдастырылған оқу, ойын және жеке іс-әрекеттерін өт Күн тәртібінің құрылымын, бірізділігін, тұтастығы мен аяқталуын с отырып, жағдайға байланысты уақытылы түзетулер енгізеді. Кел жағдайларды уақытылы айқындап, дұрыс шеше алады. |
| | | ortasha | Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда балалардың қажеттіліктерін, ерекшеліктері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдасты алайда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әдістемелік талапт үнемі сақтай бермейді. |
| | | nashar | Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда қиналады. Тәртіп кезеңд ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерін нашар меңгерген, оқу-т кезеңдері аяқталмайды, олардың бірізділігі мен құрылымы бұзы тәртіп кезеңдерін өткізу қарқынының төмендігі байқалады, балала жеке және жас ерекшеліктері ескермейді. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3.2 | Тәрбиеленушілердің валеологиялық мәдениетін қалыптастыру (салмақтық коэффициент = 1) | uzdik | Оқу-тәрбие үрдісі мен балалар іс-әрекетінің түрлерін басқаруды жо деңгейде меңгерген. Тәрбиеленушілердің қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, балалар құзыреттілігін дамытуда тәрб мен оқытудың дамытушы әдістерін еркін игерген. Балалардың нәт іс-әрекетін басқаруда және олардың өзін-өзі бағалау дағдыл қалыптастыруын жүзеге асыруын жоспарлап, болжам жаса болашақтарын болжап, шешім қабылдайды. |
| | | zhaqsy | Оқу-тәрбие үрдісінде балалар іс-әрекетінің түрлі форма ұйымдастыруды қолайлы дәрежеде меңгерген. Тәрбиеленуші қажеттіліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, бал құзыреттілігін дамытуда тәрбиелеу мен оқытудың дамытушы әді тиімді пайдаланады. |
| | | ortasha | Валеологиялық мәдениеттің, өзі-өзіне қызмет көрсету дағдылар және тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес этикет ереж төмен деңгейінің талаптарын қалыптастырады. Таңғы жатты кемшіліктермен өткізіледі. Сауықтыру іс-шаралары қайталанып өтк . |
| | | nashar | Валеологиялық мәдениеттің, өзі-өзіне қызмет көрсету дағдылар және тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес этикет ереж төмен деңгейінің талаптарын қалыптастырмайды. Таңертең гимнастика әдістемелік жағынан дұрыс өткізілмейді. Сауық іс-шараларын өткізу теріс сипатқа ие. |
| 3.3 | Орталықтарда белсенділік қызметін ұйымдастыру (салмақтық коэффициент = 0,5) | uzdik | Көпфункционалды ортаның өзіндік және бірлескен қызм ұйымдастыруда ересек балалармен өзін-өзі көрсетуін, тәрбиеленуш әр түрлі мүдделері мен түрлі даму деңгейін қамтамасыз е Тәрбиеленушілердің әр түрлі нысандарын ескере отырып ұйымдаст , олардың жас ерекшеліктеріне байланысты пайдалана Тәрбиеленушілермен дидактикалық, дамытушылық, үстел-ба ойындары, дене, әлеуметтік, танымдық, эстетикалық ж шығармашылық тәрбиелеу және дамытуы бойынша ерекшеленеді ықпал етеді. Орта компоненттерінің ұқсастық мазмұнын қалыптаст Сараланған әр түрлі уақытша режимін біріктіру үшін сауатты ж асырады. |
| | | zhaqsy | Көпфункционалды ортаның өзіндік және бірлескен қызм ұйымдастыруда ересек балалармен өзін-өзі көрсетуін, тәрбиеленуш әр түрлі мүдделері мен жекелеген даму деңгейін қамтамасыз е Тәрбиеленушілердің әр түрлі нысандарын ескере отырып ұйымдаст , олардың жас ерекшеліктеріне байланысты пайдалана Тәрбиеленушілермен дидактикалық, дамытушылық, үстел-ба ойындары, дене, әлеуметтік, танымдық, эстетикалық ж шығармашылық тәрбиелеу және дамытуы бойынша ықпал етеді. компоненттерінің ұқсастық мазмұнын қалыптастырады. Әр түрлі уа режимін біріктіру үшін сауатты жүзеге асырады. |
| | | ortasha | Көпфункционалды ортаның өзіндік және бірлескен қызм ұйымдастыруда ересек балалармен өзін-өзі көрсетуін, тәрбиеленуш әр түрлі мүдделері мен жекелеген даму деңгейіне мүмкіндіктері Тәрбиеленушілердің әр түрлі нысандары ескерілмейді. Тәрбиелену олардың жас ерекшеліктеріне есепке алмағанда әр түрлі нысан байланысты ұйымдастыру пайдаланады. Әр түрлі уақытша режим қ түрлері сараланады. |
| | | | Тәрбиеленушілердің жас ерекшелігін есепке ала отырып, дәс жиынтығы, дидактикалық және ойын материалдарының жабды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | nashar | белсенділігі ерекшеленеді. Тәрбиеленушілердің топтық және фронт ұйымдастыру формалары басым. |
| 3.4 | Серуендеуді ұйымдастыру (салмақтық коэффициент = 0,5) | uzdik | Білімінің жүйелілігі, құрылымдық тұтастығы және серуен жо деңгейде ұйымдастырылған. Тәрбиеленушілердің маусымдылық бел қимыл іс-әрекеттерін ескере отырып ұйымдастырады. Серуендеу ке педагогикалық қажетті қосымша құрал-жабдықтар қызмет түрл пайдалану басшылыққа алынып жүргізуі анықталад Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескереді. Тәрбиеленушіле жан-жақты білім беру жұмыстары жеке жүргізіледі. Серуендеу ұзак нормативтік талаптарға сәйкес келеді. |
| | | zhaqsy | Серуендеуді ұйымдастыру әдістемелік жағынан дұрыс. Серуенд білімінің жүйелілігі мен құрылымдық тұтастығы сақтала Тәрбиеленушілермен қимыл іс-әрекеттерін ұйымдастыру кез маусымдылық әрдайым ескерілмейді. Педагогикалық қызме жекелеген түрлері бойынша қосымша қажетті құрал-жабды пайдаланылады. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін еске Серуендеу ұзақтығы нормативтік талаптарға сәйкес келеді. |
| | | ortasha | Серуенді ұйымдастыру әдістемелік жағынан дұрыс емес, құрылы тұтастық бұзылады. Педагогикалық басқару міндеті бойынша әр т Қосымша құрал-жабдықтарды пайдалануы жеткілікті ем Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерінде жекелеген қызмет түр ескереді. Серуендеудің ұзақтығы нормативтік талаптарға сәйкес кел |
| | | nashar | Серуендеуді жоспарлау нормативтік талаптарға сәйкес келме Педагогикалық міндет анықталмайды. Тәрбиеленушілердің ерекшеліктерінде жекелеген қызмет түрлері ескерілмейді, ес алынбайды. |
| 4. | Тәрбиеленушілердың нәтижелері | | |
| 4.1 | Құзыреттіліктерді игеру деңгейі (салмақтық коэффициенті = 1) | uzdik | Бес білімділік сала бойынша негізгі құзыреттіліктердің қалыптасу оңтайлы өсуі. Білім сапасы 75 % жоғары. |
| | | zhaqsy | Бес білімділік сала бойынша негізгі құзыреттіліктердің қалыптасу тұрақты өсуі. Білім сапасы 60 % жоғары. |
| | | ortasha | Бес білімділік саланың жекелеген пәндері бойынша не құзыреттіліктердің қалыптасуының тұрақты динамикасы. Білім сапа % жоғары. |
| | | nashar | Бес білімділік саланың барлық пәндері бойынша не құзыреттіліктердің қалыптасуының оңтайлы өсуінің болмауы. сапасы 35 % төмен. |
| 4.2 | Интеллектуалдық сайыстарға, олимпиадаларға қатысу нәтижелері (салмақтық коэффициенті = 0,5) | uzdik | Тәрбиеленушілер халықаралық, республикалық интеллектуал олимпиадалар мен сайыстардың күндізгі және қашықтықтан өткіз түрлерінің жеңімпаздары, жүлдегерлері, қатысушылары. |
| | | zhaqsy | Тәрбиеленушілер аймақтық, облыстық интеллектуалдық олимпиа мен сайыстардың күндізгі және қашықтықтан өткізілген түрле жеңімпаздары, жүлдегерлері, қатысушылары. |
| | | ortasha | Тәрбиеленушілер қалалық интеллектуалдық олимпиадалар сайыстардың күндізгі және қашықтықтан өткізілген түрлер жеңімпаздары, жүлдегерлері, қатысушылары. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | nashar | Тәрбиеленушілер балабақшаішілік интеллектуалдық олимпиадалар сайыстардың қатысушылары. |
| 4.3 | Көркем шығармашылық, спорттық сайыстарға қатысу нәтижелері ( салмақтық коэффициенті = 0,5) | uzdik | Тәрбиеленушілер халықаралық және республикалық деңгейдегі кө шығармашылық сайыстардың күндізгі және сырттай түрлер жеңімпаздары, жүлдегерлері, қатысушылары. Тәрбиеленуші халықаралық және республикалық деңгейдегі спорттық жарыста жеңімпаздары, жүлдегерлері, қатысушылары. |
| | | zhaqsy | Тәрбиеленушілер аймақтық, облыстық деңгейдегі көркем шығармаш сайыстардың күндізгі және сырттай түрлерінің жеңімпазда жүлдегерлері, қатысушылары. Тәрбиеленушілер аймақтық және обл деңгейдегі спорттық жарыстардың жеңімпаздары, жүлдегерл қатысушылары. |
| | | ortasha | Тәрбиеленушілер қалалық деңгейдегі көркем шығармашы сайыстардың күндізгі және сырттай түрлерінің жеңімпазда жүлдегерлері, қатысушылары. Тәрбиеленушілер аудандық, қала деңгейдегі спорттық жарыстардың жеңімпаздары, жүлдегерл қатысушылары. |
| | | nashar | Тәрбиеленушілер балабақшаішілік спорттық, көркем шығармаш сайыстардың менжарыстардың қатысушылары. |
| 5. | Ресурстар | | |
| 5.1 | Ғимараттың жағдайы және қажетті жайларының болуы ( салмақтық коэффициенті = 0,5) | uzdik | Типтік ғимарат. Ғимараттың инфрақұрылымы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес. Бөлмелерде ж және ауа-жылыту режимі, қауіпсіздік шаралары, өртке қарсы қауіп шаралары сақталады. Мүмкіндігі шектеулі тәрбиеленушілерге арна арнайы жағдайлар жасалады. Жаңа технологиямен жабдықта азық-түлік блогы бар. Спорттық және музыкалық зал, хауыз, ашық алаңы, пәндік кабинеттер, жабдықталған медициналық кабинет бар. |
| | | zhaqsy | Типтік ғимарат. Ғимараттың инфрақұрылымы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес. Бөлмелерде ж және ауа-жылыту режимі, қауіпсіздік шаралары, өртке қарсы қауіп шаралары сақталады. Мүмкіндігі шектеулі тәрбиеленушілерге арна арнайы жағдайлар жасалмайды. Жаңа технологиямен жабдықта азық-түлік блогы бар. Спорттық және музыкалық зал, хауыз, ашық алаңы, пәндік кабинеттер, жабдықталған медициналық кабинет бар. |
| | | ortasha | Типтік ғимарат немесе бейімделген. Ғимараттың инфрақұрыл санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес. Бөлмелерде ж және ауа-жылыту режимі, қауіпсіздік шаралары, өртке қарсы қауіп шаралары сақталады. Жабдықталған медициналық кабинеті Мүмкіндігі шектеулі тәрбиеленушілерге арналған арнайы жағда жасалмайды. Көне технологиямен жабдықталған азық-түлік блогы Спорттық және музыкалық зал біріктірілген, пәндік кабине жетіспейді. |
| | | nashar | Бейімделген ғимарат. Ғимараттың инфрақұрылымы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес. Бөлмеле жарықтандыру және ауа-жылыту режимі, қауіпсіздік шаралары, қарсы қауіпсіздік шараларының сақталуы толық емес. Медицин кабинетінің жабдықталуы жеткіліксіз. Мүмкіндігі шекте тәрбиеленушілерге арналған арнайы жағдайлар жасалмайды. Азық- блогындағы жабдықтар ескірген. Спорттық және музыкалық залы пәндік кабинеттер жоқ. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5.2 | Материалдық-техникалық қамтылуы (салмақтық коэффициенті = 0,5) | uzdik | Топтарға арналған кабинеттер, кабинеттер білім берудің жалпыға мі мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес қажетті жабдықта ерекшеленіп, бой көрсеткіштеріне байланысты соңғы үлгідегі мод жиһаздармен жасақталған. Компьютерлер заманауи және жеткі мөлшерде әрі оқу-тәрбие үрдісіне қажетті басқа да оргтехникалар Компьютерлер жоғары жылдамдықты Ғаламтор желісіне қосы Материалдық-техникалық және бағдарламалармен қамтамасыз жұмыстары жоспарлы жүзеге асуда. |
| | | zhaqsy | Топтарға арналған кабинеттер, кабинеттер білім берудің жалпыға мі мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес қажетті жабдықта ерекшеленіп, бой көрсеткіштеріне байланысты соңғы үлгідегі мод жиһаздармен жасақталған. Компьютерлер жеткілікті мөлшерде оқу-тәрбие үрдісіне қажетті басқа да оргтехникалар бар. Компьют Ғаламтор желісіне қосылған. Материалдық-техникалық ж бағдарламалармен қамтамасыз ету жұмыстары жоспарлы жүзеге асу |
| | | ortasha | Топтарға арналған кабинеттер, кабинеттердің білім берудің жал міндетті мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес жабдықт жеткілікті деңгейде емес, бой көрсеткіштеріне байланысты соңғы үл модульді жиһаздармен жасақталуы толық емес. Компьютерлер ескі ү Ғаламтор желісіне бір компьютер қосылған. Материалдық-техник және бағдарламалармен қамтамасыз ету жұмыстары жоспарлы емес. |
| | | nashar | Топтарға арналған кабинеттерде және бөлмелерде қажетті мүлікте жиһаздар жеткіліксіз, сондай-ақ олардың бой көрсеткіште сәйкестендірілуі толық емес. Топтар және кабинеттер білім бе жалпыға міндетті Мемлекеттік стандартының талаптарына сә жасақталмаған. Ғаламтор желісі жоқ. Материалдық-техника қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілмейді. |
| 5.3 | Кітапхана қоры ( салмақтық коэффициенті = 1) | uzdik | Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес ба сыныптарға арналған оқу-әдістемелік кітаптар қоры бар. Бал энциклопедиясы, сөздіктер, ғылыми-танымдық, әдістемелік ж балалардың көркем әдебиеті қағаз түрінде де, электронды түрінде д Кітапханадағы кітаптар қоры жүйелі түрде жаңарып отырады. Мер басылымдарға жазылған. |
| | | zhaqsy | Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес ба сыныптарға арналған оқу-әдістемелік кітаптар қоры бар. Бал энциклопедиясы, сөздіктер, ғылыми-танымдық, әдістемелік ж балалардың көркем әдебиеті қағаз түрінде де, электронды түрінде д Кітапханадағы кітаптар қоры жүйелі түрде жаңарып отырады. Мер басылымдарға шектеулі жазылған. |
| | | ortasha | Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес ба сыныптарға арналған оқу-әдістемелік кітаптар қоры бар. Оқу-әдісте және балаларға арналған көркем әдеби кітаптар қағаз түрінд электронды түрде де бар. Кітапханадағы кітаптар қорының жаң отыруы төмен. Мерзімді басылымдарға жазылу жеткіліксіз. |
| | | nashar | Барлық сыныптарға арналған оқу-әдістемелік кітаптар қоры білім бе мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес емес. Оқу-әдісте және балаларға арналған көркем әдеби шығаралар қағаз түрінд электронды түрінде де аз жинақталған. Кітапханадағы кітаптар қор оқулықтар арқылы ғана толықтырылады. |
| | Педагогикалық кадрлармен және қосымша | | Педагог кадрлармен және қосымша қызметкерлермен 100 % қамтам етілген. Педагог кадрлардың лауазымдық қызметі біліктіліктеріне т |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5.4 | қызметкерлермен қамтамасыз ету ( салмақтық коэффициенті = 1) | uzdik | сәйкес. Жоғары білімді педагогтердің үлесі 95 %-100 %. Жоғары са және бірінші санаттылар 50 % және одан көп. Педагогтердің уақы біліктілік арттыру курстарынан өтуі үлесі 100 % |
| | | zhaqsy | Педагог кадрлармен және қосымша қызметкерлермен 100 % қамта етілген. Педагог кадрлардың лауазымдық қызметі біліктіліктеріне білім беру қызметін лицензиялауға қойылатын біліктілік талапта сәйкес. Жоғары білімді педагогтердің үлесі 90 %. Жоғары санатты бірінші санаттылар 30 % және одан көп. Педагогтердің уақыт біліктілік арттыру курстарынан өтуі үлесі 90 %. |
| | | ortasha | Педагог кадрлармен және қосымша қызметкерлермен 100 % қамта етілген. Педагог кадрлардың лауазымдық қызметі біліктіліктеріне білім беру қызметін лицензиялауға қойылатын біліктілік талапта сәйкес. Жоғары білімді педагогтердің үлесі 80%. Жоғары санатты бірінші санаттылар 20 % және одан көп. Педагогтердің уақыт біліктілік арттыру курстарынан өтуі үлесі 80 %. |
